Минералды жүн мен кокос талшығы – қазіргі ауыл шаруашылығында жиі қолданылатын тиімді субстрат түрлері. Әрбір субстраттың артықшылықтары мен шектеулері бар, сондықтан оларды бір-бірімен және дәстүрлі топырақпен салыстыра зерттеу тәжірибелік маңызы жоғары бағыт болып табылады. Қазақстанда жылыжай шаруашылығы соңғы жылдары қарқынды дамып келе жатқанын ескерсек, мұндай заманауи субстраттарды зерттеу отандық агрономия және экологиялық химия үшін өзекті.

Әдеби шолу. Минералды жүн (роквул) - базальт, доломит және әктасты жоғары температурада балқыту арқылы алынатын жасанды талшықты материал. Бұл субстраттың басты артықшылығы – инерттілігі мен физикалық тұрақтылығы. Ол химиялық реакцияларға түспейді, сондықтан өсімдікке қажетті элементтерді қоректік ерітінді түрінде дәл және реттелген мөлшерде беруге мүмкіндік жасайды. Сонымен қатар, оның ауа және су өткізгіштігі жоғары, бұл өсімдіктің тамыр жүйесіне қолайлы орта қалыптастырады (FutureGarden Expert Team, 2022).

Кокос талшығы - бұл табиғи және экологиялық тұрғыдан таза субстрат, ол жылыжай мен бақша шаруашылығында өсімдіктерді өсіру үшін тиімді материал болып табылады. Ол кокос жаңғағының қабығынан өндіріледі және құрамында лигнин мен целлюлоза сияқты құрылымдық компоненттер көп, сондықтан ылғалды ұзақ уақыт бойы сақтап, топырақтағы ауа айналымын қамтамасыз етеді (Thomas et al, 2023). Кокос жүнінің басты артықшылықтарының бірі - оның биологиялық жолмен ыдырайтындығы, яғни қолданылғаннан кейін экожүйеге зиян келтірмей, қайта өңдеуге жарамды. Сонымен қатар, кокос талшығы өсімдіктің тамыр жүйесін дамытады, тамырлар арқылы қоректік заттарды тиімді сіңіруді қамтамасыз етеді, бұл өсімдік өнімділігін арттыруға ықпал етеді. Оның құрылымы тамырларға жақсы тірек болып, су мен қоректік ерітіндінің тиімді бөлінуін қамтамасыз етеді, соның нәтижесінде өсімдік тез өседі, ауруларға төзімді болады және жалпы денсаулығы жақсарыды. Осы қасиеттерінің арқасында кокос талшығы қазіргі заманауи жылыжай және гидропоника технологияларында ең перспективалы және тұрақты субстраттардың бірі болып саналады.

Зерттеудің басты мақсаты – жылыжай жағдайында минералды жүн мен кокос жүнін субстрат ретінде қолданудың химиялық және агрономиялық тиімділігін жан-жақты бағалау. Осы мақсатқа қол жеткізу үшін келесі міндеттер қойылды:

1. Минералды және кокос жүннің химиялық құрамын зерттеп, олардың субстрат ретіндегі негізгі қасиеттерін талдау;
2. Минералды және кокос жүннің агрономиялық тиімділігін дәстүрлі топырақпен салыстыру;
3. Бұл субстраттарды жылыжайда қолданудың артықшылықтары мен шектеулерін ғылыми тұрғыдан негіздеу.

Материалдар мен әдістер

Минералды жүн (роквул) - базальт, доломит және әктасты жоғары температурада балқыту арқылы алынатын жасанды талшықты материал. Оның

басты ерекшелігі - химиялық тұрғыдан инертті және физикалық тұрақты болуы. Бұл қасиеті өсімдікке қажетті қоректік элементтерді ерітінді арқылы дәл және бақылаулы мөлшерде жеткізуге мүмкіндік береді (Thomas et al, 2023). Сонымен қатар, минералды жүннің ауа және су өткізгіштік қасиеті жоғары болғандықтан, өсімдіктің тамыр жүйесі үшін қолайлы орта қалыптастырады.

Дегенмен, минералды жүннің құрамында органикалық заттар мен табиғи микроэлементтер жоқ, сондықтан барлық қорек сырттан берілуі тиіс. Ал бұл ұзақ мерзімді пайдалануда шығынды көбейтеді және экологиялық тұрғыдан қалдық мәселесін туындатады, себебі ол **биологиялық жолмен ыдырамайды**.

Кокос жүні - табиғи, экологиялық таза субстрат. Ол кокос жаңғағы қабығынан алынады және құрамында лигнин мен целлюлоза мол болғандықтан, ылғалды ұзақ ұстап тұрады әрі ауа айналымын қамтамасыз етеді. Кокос жүнінің басты артықшылығы ол биологиялық тұрғыдан ыдырайды, қайта өңдеуге жарамды және экожүйеге зиян келтірмейді. Сонымен қатар, ол тамыр жүйесін жақсы дамытып, өсімдіктің қоректік заттарды тиімді сіңіруіне мүмкіндік береді.

Соңғы жылдары оның биологиялық қауіпсіздігі мен табиғи қасиеттері ауыл шаруашылығында кеңінен қолданылуына себеп болды. Кокос жүнінің құрамында К, Mg және аз мөлшерде N бар (Heller et al, 2022), бұл өсімдіктің бастапқы өсу кезеңінде маңызды рөл атқарады. Оның су сіңіру және ылғал сақтау қабілеті жоғары, сондықтан суару жиілігі азаяды. Сонымен қатар, кокос жүні микрофлораның дамуына қолайлы орта тудырады, бұл өсімдік тамырының табиғи дамуына ықпал етеді. Алайда кокос субстратында алғашқы кезде тұз концентрациясы жоғары болуы мүмкін, сондықтан оны алдын ала шаю немесе бейтараптандыру қажет. Бұл - қолдану алдында міндетті агротехникалық шаралардың бірі.

Табиғи топырақта өсіру дәстүрлі түрде ауыл шаруашылығында ғасырлар бойы негізгі әдіс болып келді. Дегенмен, соңғы онжылдықтарда топырақ эрозиясының күшеюі, тыңайтқыштардың шамадан тыс қолданылуы және патогендердің көбеюі ауыл шаруашылығы өнімдерінің сапасына және тұрақты өсуіне теріс әсер етуде. Жылыжай жағдайында топырақты жиі пайдалану оның құрылымын бұзып, физикалық қасиеттерін нашарлатуы мүмкін, бұл өсімдіктің тамыр жүйесінің дамуына және су мен қоректік заттарды сіңіруіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан қазіргі уақытта жасанды субстраттармен салыстырмалы зерттеу үлкен маңызға ие болып отыр. Минералды жүн мен кокос жүнін бақша топырағымен салыстыру арқылы субстраттардың физикалық қасиеттерін (су өткізгіштік, ауа айналымы), химиялық сипаттамаларын (рН деңгейі, тұздық құрам) және олардың өсімдіктің өнімділігіне әсерін анықтауға болады. Мұндай зерттеу ең тиімді және экологиялық тұрақты субстратты таңдауға мүмкіндік береді, сондай-ақ жылыжай шаруашылығында өнімділікті арттыру мен қоректік ерітінді шығынын оңтайландыруға жол ашады.

Химиялық тұрғыдан алғанда, минералды жүн мен кокос талшығының құрылымында айырмашылық көп. Минералды жүн негізінен базальт пен диабаз сияқты тау жыныстарын балқыту арқылы алынған талшықтардан тұрады. Оның құрамында кальций (CaO), магний (MgO), кремний диоксиді (SiO₂) және

алюминий оксиді (Al_2O_3) сияқты элементтер бар (Wikipedia Contributors). Бұл заттар субстраттың тұрақтылығын қамтамасыз етіп, оның рН деңгейін сәл сілтілі етеді. Ал кокос талшығы табиғи органикалық материал болғандықтан, құрамында лигнин, целлюлоза, калий (K) және азот қосылыстары кездеседі. Бұл элементтер өсімдікке биологиялық тұрғыда қолайлы орта қалыптастырады.

Бақша топырағының құрамында табиғи гумус, темір (Fe) және фосфор (P) қосылыстары бар, алайда оның құрылымы тығыз болғандықтан, ауа айналымы мен су өткізгіштік деңгейі төмен болады. Сол себепті бұл зерттеу үш түрлі ортадағы химиялық және физикалық факторлардың өсімдікке әсерін кешенді түрде салыстыруды көздейді.

Субстрат таңдауды анықтайтын факторлар:

1. Жылыжай шаруашылығында қолданылатын субстрат тек өнім көлеміне ғана емес, жеміс-көкөніс құрамындағы нитраттар, ауыр металдар, артық тұздар деңгейіне де әсер етеді. Субстрат құрамында хлорид, сульфат, натрий сияқты элементтердің мөлшері жоғары болса, ол өсімдікке жиналып, өнім сапасын төмендетуі мүмкін. Сондықтан субстраттардың химиялық инерттілігі, тұздықтығы және рН тұрақтылығы - өсімдік өнімдерінің экологиялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуде маңызды фактор.

2. Қазақстанның көптеген өңірінде су тапшылығы бар, ал жылыжайларда су тұтыну дәстүрлі топыраққа қарағанда әлдеқайда көп болуы мүмкін. Кокос жүні ылғалды ұзақ сақтайды, ал минералды жүн суды біркелкі таратады, бұл тамшылатып суару жүйесімен бірге су үнемдеудің тиімді тәсілдерінің бірі болып табылады. Субстраттарды салыстыру су пайдалану тиімділігіне де ғылыми тұрғыдан баға береді.

3. Топырақта түрлі саңырауқұлақтар, бактериялар, зиянкестер көп болады. Минералды жүн мен кокос талшығы стерилді материалдар болғандықтан, бастапқы кезеңде фитопатогендердің таралу қаупі төмендейді. Бұл фактор өнімнің сапасы мен өсімдік тіршілігі үшін маңызды және зерттеу қажеттілігін арттыра түседі.

4. Әрбір субстраттың рН деңгейі өсімдіктің қоректік заттарды сіңіруіне тікелей әсер етеді. Минералды жүн әдетте сілтілілеу ортаға ие, ал кокос жүнінің рН деңгейі бейтарапқа жақын. Бұл айырмашылық тыңайтқыштарды таңдауға, қоректік ерітінді концентрациясын есептеуге, тамырдың өсу қарқынына әсер етеді.

5. Жылыжай шаруашылығында субстратты таңдау тек агрономиялық жағынан емес, экономикалық тұрғыдан да маңызды.

Минералды жүн бірнеше маусым қолданылуы мүмкін, бірақ қайта өңдеу қиын.

Кокос жүнінің бастапқы бағасы жоғары болуы мүмкін, бірақ ол биологиялық тұрғыдан ыдырайды және топырақты жақсартқыш ретінде қайта пайдалануға болады.

Бұл факторларды салыстырмалы түрде талдау зерттеудің практикалық маңызын арттырады.

6. Қазақстанда климат құрғақ, күн радиациясы жоғары, су ресурстары шектеулі. Дәл осы себепті субстраттардың физика-химиялық қасиеттерін зерттеу - отандық

жылыжай шаруашылығы үшін стратегиялық маңызды тақырып. Әр субстраттың жергілікті климатқа бейімділігі, ылғал сақтау қабілеті, тұздануға орнықтылығы зерттеудің өзектілігін айқындай түседі.

Сонымен қатар, зерттеу пәні тек химиялық тұрғыдан емес, экологиялық және технологиялық тұрғыдан да маңызға ие. Минералды жүн ұзақ уақыт пайдалануға жарамды, бірақ оның қайта өңделуі қиын; ал кокос субстраты экологиялық таза, биологиялық ыдырауға қабілетті материал болып табылады. Сондықтан екі материалды бақша топырағымен салыстыру арқылы жылыжайдағы экологиялық және экономикалық тиімді шешім қабылдауға ғылыми негіз қалыптасады.

Нәтижелер.

Зерттеу материалдары мен әдістері. Зерттеу барысында үш түрлі субстрат: минералды жүн блоктары (стандартты көлем $10 \times 10 \times 7$ см), кокос субстраты (алдын ала жуылып, рН бейтараптандырылған) және бақша топырағы (алаңнан алынған, кептірілген және 2–4 мм сүзгіден өткізілген) қолданылды. Барлық субстраттар 1 литрлік горшоктарға салынып, әр контейнерге бір өсімдік орналастырылды. Өсіру жағдайлары жылыжай стандарттарына сәйкес қатаң бақыланды: күндізгі температура $+24 \pm 2$ °С, түнгі температура $+18 \pm 2$ °С және ылғалдылық 60–70% деңгейінде ұсталды. Суару күніне бір рет тазартылған сумен жүргізілді, ал қоректендіру үшін барлық топтарға құрамында азот, фосфор және калий элементтері бар бірдей қоректік ерітінді (биогурус) берілді. Салыстырмалы талдау мен тәжірибелік бақылау әдістері арқылы субстраттардың химия-физикалық және агрономиялық қасиеттері зерттелді. Зерттеу барысында салыстырмалы талдау және бірқатар химиялық зерттеу әдістері қолданылды.

Субстраттардың ылғал ұстау қабілетін зерттеу:

Субстраттың өсімдікке суды қаншалықты тиімді сақтап, біркелкі бере алатынын бағалау үшін қажет. Бұл өсімдіктің өсу жылдамдығына, тамыр жүйесінің дамуына және жалпы өнімділікке тікелей әсер етеді.

Қажетті реагенттер: дистилденген су (H_2O), минералды жүндер, кокос субстраты

Қажетті құрал-жабдықтар: Электронды таразы-субстраттарды дәл өлшеу үшін, сүзгі қағазы - дистилденген суда тұндырылған субстратты сүзу.



Сурет 1 – Ылғал ұстау қабілетін зерттеу

Минералды жүннен (МЖ) 5 г сынама алынды және оған 150 мл суды құйып, 10 минутқа қалдырылды. Сол уақыт өткен соң ерітінді толықтай сүзілді, нәтижесінде 75 мл су ағып шықты. Осы тәжірибе арқылы МЖ-нің суды ұстап қалу мөлшері анықталды. Кокос жүнде осылайша дайындалып, су ұстайтын қабілеті салыстырмалы түрде бағаланды.


Нәтижесінде минералды жүн, кокос жүн және бақша топырағының ылғал ұстау қабілеті салыстырмалы түрде тең, яғни өсімдіктерге қажетті ылғал мөлшері барлық субстратта қамтамасыз етілген. Сондықтан, жылыжайда осы үш субстраттың кез келгенін пайдалану өсімдіктің бастапқы физиологиялық дамуына және тамыр жүйесінің қалыпты жұмыс істеуіне қолайлы деп бағаланады. Зерттеу нәтижесі бойынша МЖ судың 50% мөлшерін өзінде сақтай алған.

Қышқыл мен сілтілік ортасын анықтау:

Қышқыл және сілтілік ортаны анықтау субстраттың рН деңгейі өсімдіктің қоректік заттарды қалай сіңіретінін тікелей анықтайды. Егер орта тым қышқыл не тым сілтілі болса, тамырлар қажетті элементтерді қабылдай алмайды, бұл өсу қарқынының төмендеуіне, жапырақ сарғаюына және өнімділіктің азаюына әкеледі. Сонымен қатар рН субстраттың химиялық тұрақтылығын, тұздардың жиналу ықтималдығын және қоректік ерітіндімен әрекеттесуін бақылауға мүмкіндік береді. Сондықтан рН-ды анықтау – субстраттың өсімдікке қауіпсіз және тиімді екеніне көз жеткізудің негізгі тәсілі.

Қажетті реагентте: дистилденген су (H_2O), минералды жүндер, кокос субстраты

Қажетті құрал жабдықтар: Электронды таразы-субстраттарды дәл өлшеу үшін, лакмус қағазы-қышқылдық ортасын анықтау, тұндыру үшін пробиркалар.



Сурет 2 – рН көрсеткіші

Кокос субстраты мен минералды жүннің қышқылды-сілтілі ортасын анықтау үшін әр субстратты (5/1 қатынасында) сумен тұндырып, 10 минуттан кейін лакмус қағазы арқылы ортасы анықталды.

Нәтижесінде МЖ (А) рН көрсеткіші бейтарапқа жақын, шамамен 7,0-7,5 диапазонында болды, ал КС (Б) сәл қышқыл орта қалыптастырып, рН 5,5-6,5 аралығында өлшенді. Бұл көрсеткіштер өсімдіктердің қоректік заттарды тиімді

сіңіруіне және тамыр жүйесінің қалыпты дамуына оң әсерін тигізетінін көрсетті (1-сурет). Минералды жүн химиялық тұрғыдан тұрақты болғанымен, органикалық заттарды ұсынбайды, ал кокос жүн табиғи органикалық құрамымен суды ұзақ ұстап, өсімдікке қоректік орта қамтамасыз етеді.

Минералды жүн мен кокос субстратының қышқыл мен сілтіге әсерін зерттеуде:

Бұл зерттеу субстраттардың химиялық тұрақтылығын, рН өзгеру мүмкіндігін және өсімдікке қауіпсіздігін анықтау үшін жүргізіледі.


Қажетті реагенттер: дистилденген су (H_2O), натрий гидрооксиді ($Na(OH)$) сілтілі ортадағы ерітінді дайындау үшін, тұз қышқылы (HCl) қышқылды ортадағы ерітінді дайындау үшін, минералды жүндер, кокос субстраты

Қажетті құрал-жабдықтар: Электронды таразы-субстраттарды дәл өлшеу үшін, лакмус қағазы-қышқылдық ортасын анықтау, тұндыру үшін пробиркалар.

Қышқыл мен сілтіге әсерін анықтау үшін алғашында ерітінділер дайындалды. Қышқыл ерітінді дайындау үшін дистилденген су мен тұз қышқылы (2н) ерітіндісін (2/1) көлемде араластырамыз. Ал сілтілі орта дайындау үшін тұз қышқылының орнына натрий гидрооксидін араластырамыз (2-сурет). Пробиркаларға минералды жүн мен кокос субстратын кішкене бөлшегін салып, үстіне дайындалған ерітінділер құйылды.



Сурет 3 – Дайын ерітінділер



Сурет 4 – Бір апта өткеннен кейін

Бір апта уақыт өткеннен кейін лакмус қағазымен қайтадан тексеру арқылы бірқатар өзгерістер байқалды (3-сурет). Нәтижесінде минералды жүн (МЖ) субстратының қышқыл ортадағы әсері (С) кезінде лакмус қағазының түсі қызылдан ашық қызғылтқа өзгерді, бұл қышқылдың ішінара бейтараптанғанын көрсетеді. Ал сілтілік ортада (Д) түс өзгерісі байқалмады, бұл минералды жүннің химиялық тұрғыдан инертті және сілтіге төзімді материал екенін дәлелдейді. Минералды жүн қышқылдарға салыстырмалы түрде сезімтал, ал сілтілерге тұрақты. Бұл қасиет оны ұзақ мерзімді жылыжай жағдайында құрылымын сақтауға мүмкіндік береді. КС-да байқалған рН өзгерісі (А,Б) оның органикалық табиғатымен түсіндіріледі. КС иондық буферлік қабілетке ие болғандықтан бастапқы қышқылдық немесе негіздік қосылыстар уақыт өте бейтараптанады.

Титрлеу әдісі арқылы құрамындағы тұздарды анықтау:

Минералды жүн мен кокос субстраты өсімдіктерді жылыжай немесе гидропоника жағдайында өсіру үшін қолданылатын кең тараған субстраттар болып табылады. Бұл субстраттар тек су мен ауа өткізгіштік қасиеттерімен ғана шектелмейді, олардың химиялық құрамы, яғни тұздардың мөлшері мен түрі де өсімдіктердің өсуіне тікелей әсер етеді. Субстраттағы тұздардың деңгейін анықтау маңызды, себебі тұздардың артық мөлшері өсімдіктердің тамырлары арқылы суды және қоректік элементтерді сіңіруін қиындатады. Мысалы, егер субстратта натрий немесе хлоридтердің концентрациясы жоғары болса, өсімдік «тұз стресі» жағдайына ұшырап, өсуі бәсеңдеп, жапырақтары сарғайып немесе күйіп қалуы мүмкін. Сонымен қатар, тұздардың мөлшері субстраттың химиялық балансын, соның ішінде рН көрсеткішін де өзгертеді. Минералды жүн сияқты инертті субстраттар табиғи қоректік заттардан айырылған болғандықтан, олардағы тұздар мен қоректік элементтердің концентрациясын білу өсімдіктерге қажетті қоректік ерітінді мөлшерін дұрыс есептеуге мүмкіндік береді. Қысқаша айтқанда, субстраттағы тұз мөлшерін анықтау – бұл өсімдіктің дұрыс өсуі мен дамуын қамтамасыз ету, субстратты тиімді пайдалану және өсімдіктерге зиян келтіретін факторларды болдырмау үшін маңызды зерттеу болып табылады.


Қажетті реагенттер: дистилденген су (H_2O), калий дихроматы ($K_2Cr_2O_7$) тұздарды анықтауда индикатор рөлін атқарды, күміс нитраты ($AgNO_3$) негізгі титр, бюреткаға құйылды, минералды жүн, кокос субстраты

Қажетті құрал-жабдықтар: Электронды таразы-субстраттарды дәл өлшеу үшін, лакмус қағазы-қышқылдық ортасын анықтау, сүзгі қағазы - дистилденген суда тұндырылған субстратты сүзу, конустық колба-ерітінді мен индикаторды араластыруға, бюретка - титрантты дайын ерітіндіге тамызуға, штатив - титрлеген кезде бюретканы ұстап тұру үшін, пробиркалар-тұндыру үшін.

Құрамындағы тұздардың ($NaCl$) мөлшерін анықтау үшін титр әдісі маңызды. Өр субстратты суда тұндыру арқылы құрамындағы тұздарды ерітіндіге өткіземіз, индикатор ретінде калий дихроматының (1-2 тамшысы) қосылды. Дайын ерітіндіні конустық колбаға құйып, бюреткаға титрді, яғни күміс нитратын құйып тамшылату тәсілімен құрамындағы тұздарды анықтаймыз.



Сурет 5 – Дайын ерітінді



Сурет 6 – Титрден кейін

Конустық колбаны үнемі шайқап отырып, сары түстен қызыл-қоңыр түске ауысқан сәтке дейін минералды жүнде 3 тамшы кетті. Дәл осылай кокос субстратына жасағанда қызыл-қоңыр тұнбаға өзгерем дегенше 43 тамшы тамшы жұмсалды.

Формула

$$C_{NaCl} = V_{AgNO_3} \cdot N_{AgNO_3} \cdot 58,44 / V$$

1. Минералды жүн (МЖ):

$$C = (0,15 \cdot 0,01 \cdot 58,44) / 30 = 0,0029 \text{ г/л} \approx 2,9 \text{ мг/л}$$

2. Кокос жүні (КС):

$$C = (2,15 \cdot 0,01 \cdot 58,44) / 30 = 0,0419 \text{ г/л} \approx 41,9 \text{ мг/л}$$

Мор формуласына сәйкес есептегенде МЖ-да 2,9 мг/л, ал КС-да 41,9 мг/л титр жұмсалғанын көрсетеді. КС-ге қарағанда МЖ-дегі хлоридтер мен тұздар шамамен 14 есе аз. Бұл минералды жүннің тұз жағынан қауіпсіз екенін дәлелдейді, яғни ол химиялық бейтарап субстрат. Минералды жүн инертті болып келеді, ол өсімдікке тікелей қоректік элемент бермейді, сондықтан қоректік ерітіндінің құрамын дәл бақылауға мүмкіндік береді. Кокос субстратының бастапқы құрамында Na, K тұздарының болатынын және қолданар алдында шаю міндетті екенін көрсетеді.

Жүргізілген тәжірибелер нәтижесінде алынған деректер химиялық және агрономиялық көрсеткіштер бойынша үш субстратты салыстыруға мүмкіндік берді. 1-кестеде субстраттардың рН, тұздылық, ылғал ұстау қабілеті сияқты негізгі химиялық қасиеттері көрсетілген.



Сурет 7 – Субстраттарға өсірілген микрожасыл
А) кокос субстраты, Б) бақша топырағы, С) минералды жүн

Кесте 1 – Химиялық қасиеттері

Көрсеткіштер	Минералды жүн (МЖ)	Кокос субстраты (КС)	Бақша топырағы (БТ)
рН деңгейі	7,0–7,5 (бейтарап)	5,5–6,5 (сәл қышқыл)	6,0–7,0 (бейтарапқа жақын)
Ылғал ұстау қабілеті	50%	Жоғары	Орташа/төмен
Тұздылық (AgNO ₃ тамшысы)	3 (≈ 2,9 мг/л NaCl)	43 (≈ 41,9 мг/л NaCl)	-

Қышқыл/сілтіге төзімділігі	Қышқылға ішінара бейтарап, сілтіге тұрақты	Қышқыл/сілтіге төзімді	Орташа
----------------------------	--	------------------------	--------

Кесте 2 – Агрономиялық көрсеткіштер

Көрсеткіштер	Минералды жүн (МЖ)	Кокос субстраты (КС)	Бақша топырағы (БТ)
Өсу қарқыны (см/ апта)	3–4	7–8	5–6
Тамыр ұзындығы (см)	9–10	13–15	11–12
Жапырақ ауданы (см ²)	18–22	30–35	24–27

Кестеден көрініп тұрғанындай, кокос субстраты (КС) химиялық қасиеттері мен агрономиялық көрсеткіштері (2-кесте) бойынша ең тиімді болып, өсімдіктердің тұрақты өсуі мен жоғары өнімділікке қолайлы ортаны қамтамасыз етеді. Минералды жүн (МЖ) бейтарап рН мәніне ие болғанымен, тұздылығы төмен және биологиялық ыдырауы шектеулі, ал бақша топырағы орташа нәтижелер көрсетеді.

Минералды жүн химиялық тұрғыдан инертті болып, тұзсыз және бейтарап ортаға жақын рН деңгейінде (7,0–7,5) екені анықталды. Бұл көрсеткіш МЖ-ның химиялық тұрақтылығын дәлелдейді және қоректік ерітіндінің өсімдіктерге біркелкі әсер етуін қамтамасыз етеді. Титрлеу әдісі бойынша МЖ ерітіндісінде хлорид иондарын анықтау үшін бар болғаны 3 тамшы AgNO_3 жұмсалды, бұл оның тұздылығының төмен екенін көрсетеді.

Кокос субстраты (КС) тәжірибе барысында жоғары физикалық құрылымның қолайлығын көрсетті. Алайда бастапқыда тұздылығы жоғары болып, МЖ-ға қарағанда шамамен 14 есе көп (43 тамшы $\approx 41,9$ мг/л NaCl) болды. Бұл КС-ны қолданар алдында шаюдың және бейтараптандырудың міндетті екенін дәлелдейді. Соған қарамастан, КС-да өсірілген өсімдіктердің өсу қарқыны аптасына 7–8 см, соңғы өнімділігі 38–40 г/өсімдікке жетіп, МЖ және БТ-ға қарағанда айтарлықтай жоғары болды. Тамыр жүйесі де КС-да жақсы дамып, ұзындығы 13–15 см болған. Бұл жоғары өнімділік КС-ның қоректік элементтерді біртіндеп және біркелкі беру қабілетімен, сондай-ақ аэрация мен физикалық құрылымының тиімділігімен түсіндіріледі.

Бақша топырағы орташа нәтиже көрсетті: өсу қарқыны 5–6 см/апта, соңғы өнімділігі 30–32 г/өсімдік, тамыр ұзындығы 11–12 см болды. Бұл көрсеткіштер КС-ның жоғары агрономиялық тиімділігін нақты дәлелдейді.

Экологиялық тұрғыдан КС табиғи және биологиялық жолмен ыдырайтын материал болып, жылыжайда ұзақ мерзімді тұрақтылықты қамтамасыз етеді. Минералды жүн химиялық тұрғыдан инертті болғанымен, биологиялық жолмен ыдырамайды, қолданылғаннан кейін үлкен көлемдегі қалдықтар түзеді және талшықтары арқылы денсаулыққа қауіп төндіруі мүмкін (Londra, P.; et al, M, 2018).

Зерттеу барысында анықталған нәтижелер жылыжай шаруашылығында тиімді субстраттарды таңдауға ғылыми негіздерді ұсынады. КС агрономиялық

көрсеткіштері мен экологиялық қасиеттері бойынша ең тиімді субстрат болып, өсімдіктердің тұрақты өсуіне және жоғары өнімділікке қолайлы орта қамтамасыз етеді. Минералды жүннің қолданылуы қосымша өңдеуді қажет етеді [Eric Gardening Editorial Team], ал БТ-ның өнімділігі орташа деңгейде қалды.

Алдағы зерттеулерде КС-ны жуу процесін оңтайландыру, МЖ қалдықтарын қайта өңдеу жолдарын зерттеу, ұзақ мерзімді әсерді бағалау және жылыжайда экологиялық таза субстраттарды қолдануды басымдыққа алу ұсынылады. Осылайша, алынған нәтижелер жылыжай шаруашылығында тұрақты және тиімді өсіру жүйесін құруға нақты ғылыми негіз береді.

Талқылау. Зерттеу жылыжай жағдайында минералды жүн (МЖ), кокос субстраты (КС) және бақша топырағы (БТ) сияқты үш түрлі өсіру ортасының химиялық және агрономиялық қасиеттерін кешенді салыстыруға бағытталды. Алынған нәтижелер субстраттардың өсімдік физиологиясына, химиялық тепе-теңдігіне және өнімділік динамикасына әртүрлі деңгейде әсер ететінін көрсетті.

Субстраттардың қышқылдық-негіздік қасиеттерін бағалау олардың өсімдік тамырларымен әрекеттесу мүмкіндігін түсінуге мүмкіндік берді. МЖ бейтарапқа жақын рН көрсеткішін сақтап, химиялық тұрақтылық танытты. Бұл оның инертті құрылымына және құрамында органикалық немесе реактивті компоненттердің жоқтығына байланысты. Ал КС сәл қышқыл орта қалыптастырып, қоректік элементтердің сіңірілуін белсендіретін биологиялық тұрғыдан тиімді жағдай жасады. Топырақтың рН көрсеткіші тұрақсыз болғанымен, оның табиғи буферлік қабілеті қоректік элементтердің сіңірілуін қолайлы деңгейде ұстап отырды.

Қышқыл және сілті әсеріне жүргізілген тәжірибелер субстраттардың химиялық беріктігін айқындады. МЖ сілтіге тұрақты болғанымен, қышқыл әсерінен ішінара бейтараптану байқалды. Бұл оның минералдық құрамындағы оксидтердің әлсіз химиялық белсенділігін көрсетеді. КС органикалық талшықтарға тән буферлік қасиет танытып, қышқыл да, сілті де әсер еткен жағдайда рН біртіндеп тұрақтанды. Бұл кокос талшығының ион алмастыру қабілеті жоғары екенін дәлелдейді.

Титрлеу нәтижелері субстраттардағы тұз жиналу деңгейіндегі айқын айырмашылықтарды көрсетті. МЖ өте төмен тұздылыққа ие болып, өсімдіктерге тұз стресін туындатпайтын қауіпсіз жағдай қалыптастырды. КС-дағы тұз мөлшерінің жоғары болуы кокос субстратының табиғи шикізаттан алынуы және құрамында бастапқы калий, натрий иондарының болуымен түсіндіріледі. Сондықтан КС-ны қолданар алдында шаю міндетті екені эксперимент арқылы дәлелденді. БТ-ның тұздық құрамы тұрақсыз болғандықтан бұл көрсеткіш зерттеуде негізгі талдау объектісі болмады.

Ылғал ұстау қабілетін бағалау өсімдіктің өсу қарқыны мен су жеткізу режимінің тиімділігін анықтауға мүмкіндік берді. КС ылғалды ұзақ сақтап, оны біртіндеп беретін құрылымымен ерекшеленді. Бұл оның талшықты табиғатына және капиллярлық жүйесінің дамығандығына байланысты. МЖ суды тез сіңіріп, тез жоғалтатын материал болғандықтан, ылғал сақтау деңгейі төмен болды. БТ ылғалды ұстай алғанымен, оның капиллярлық өткізгіштігі төмен болғандықтан, судың біркелкі бөлінуі баяу жүрді.

Агрономиялық тұрғыда КС ең жоғары көрсеткіштерді көрсетті. Өсімдіктердің өсу қарқыны, жапырақ ауданы, тамыр ұзындығы және жалпы биомасса КС-да айтарлықтай жоғары болды. Бұл оның аэрациясының жақсы болуы, органикалық құрылымы және ион алмастыру қабілетінің жоғары болуымен тікелей байланысты. МЖ-да өсімдіктердің өсуі баяу жүрді, себебі ол қоректік заттарды табиғи түрде ұсынбайды және өсімдіктің барлық қажетті элементтері сыртқы ерітінді арқылы ғана беріледі. БТ-ның көрсеткіштері орташа деңгейде қалып, табиғи топырақтың құрылымдық және химиялық артықшылықтары мен кемшіліктерінің қатар байқалатынын көрсетті.

Экологиялық тұрғыдан екі субстрат арасында айқын айырмашылық анықталды. КС биологиялық жолмен толық ыдырайтын, қайта пайдалануға болатын, табиғи материал болса, МЖ-ның ыдырамауы және талшықтарының адам денсаулығына әсер ету қаупі оның экологиялық тиімділігін төмендетеді. Сондықтан экологияны ескере отырып, табиғи субстраттарға көшу маңызды екенін зерттеу көрсетіп отыр.

Жалпы талқылау нәтижелері көрсеткендей, КС химиялық, физикалық және агрономиялық параметрлер бойынша ең тиімді орта болып табылады. МЖ басқаруға ыңғайлы, тұрақты субстрат болғанымен, экологиялық тұрғыдан шектеулі. БТ табиғи болғанымен, өнімділік пен тұрақтылық тұрғысынан заманауи өсіру материалдарына қарағанда әлсіз.

Қорытынды. Жүргізілген «Жылыжайда минералды жүнмен кокос жүнді субстрат ретінде қолданудың химиялық-агрономиялық бағасы» атты зерттеу жұмысы өзінің негізгі мақсатына толық жетті. Зерттеу мақсаты жылыжай жағдайында минералды және кокос жүнін субстрат ретінде пайдаланудың химиялық және агрономиялық тиімділігін, сондай-ақ олардың артықшылықтары мен шектеулерін жан жақты бағалау болды. Белгіленген міндеттер субстраттардың химиялық құрамын, агрономиялық көрсеткіштерін және экологиялық қасиеттерін зерттеу толық орындалды.

Зерттеу барысында жасанды (МЖ) және табиғи (КС) субстраттардың өсімдіктерге әсері салыстырылып, олардың теориялық қасиеттері тәжірибе жүзінде дәлелденді. Минералды жүн химиялық тұрғыдан бейтарап (рН 7,0–7,5) және тұз жағынан қауіпсіз болып шықты; титрлеу нәтижесі бойынша хлорид иондарының концентрациясы $\approx 2,9$ мг/л NaCl болды. Кокос субстратының бастапқы тұз мөлшері МЖ-ға қарағанда шамамен 14 есе көп ($\approx 41,9$ мг/л NaCl) болып, оны қолданар алдында шаюдың қажеттігін дәлелдеді. Агрономиялық талдау бойынша КС ең жоғары өнімділікті көрсетті: өсімдіктердің соңғы өнімділігі 38–40 г/өсімдікке жетіп, өсу қарқыны 7–8 см/апта болды, ал тамыр ұзындығы 13–15 см-ге жетті. МЖ-да өсімдік өсуі баяу, өнімділік төмен (25–28 г/өсімдік) болды. Бақша топырағы орташа көрсеткіштерге ие болды, бұл КС-ның үстемдігін көрсетеді.

Экологиялық тұрғыдан КС табиғи, биологиялық жолмен ыдырайтын және қоршаған ортаға зиянсыз материал болып табылады, ал МЖ химиялық тұрақты болғанымен, биологиялық жолмен ыдырамайды және үлкен көлемдегі қалдық тудырады, бұл экологиялық қауіп төндіреді (Epic Gardening Editorial Team).

Зерттеу нәтижелері практикалық ұсыныстар береді: минералды жүн мен кокос

жүнін араластырып қолдану арқылы әр субстраттың артықшылықтарын біріктіру, мысалы, МЖ-ның су сақтау қасиеті мен КС-ның қоректік әлеуетін пайдалану арқылы өсімдіктің өсуін оңтайландыруға болады; КС қолданғанда тұз мөлшерін бақылап, қажет болған жағдайда алдын ала шаю арқылы өсімдіктің стресс алуын азайтуға болады. Экономикалық тұрғыдан, КС қолдану арқылы өнімділікті арттырып, қоректік ерітінді шығынын төмендетуге, ал МЖ қалдықтарын өңдеудің қосымша шығындарын ескере отырып, шығындарды оңтайландыруға болады. Болашақ зерттеулерде әртүрлі өсімдіктерде субстраттардың ұзақ мерзімді әсерін, тұз деңгейін бақылауды және өсімдіктің физиологиялық стресс реакцияларын талдау маңызды болып саналады. Осы қосымшаларға сүйене отырып, экологиялық қауіпсіздік, агрономиялық тиімділік және өнімділікті арттыру тұрғысынан кокос субстратының қолданылуына басымдық беру отандық жылыжай шаруашылығы үшін ең тиімді шешім болып табылады.

Болашақ зерттеулерде минералды және кокос жүнін әртүрлі өсімдіктерде қолданудың ұзақ мерзімді әсерін зерттеу маңызды болып табылады, өйткені әр өсімдік түрі субстратқа әртүрлі реакция көрсетеді. Сонымен қатар, экологиялық тұрғыдан таза және қайта өңдеуге болатын субстраттарды өндірудің инновациялық жолдарын қарастыру өзекті болып табылады, бұл жылыжай шаруашылығында тұрақты және экологиялық қауіпсіз технологияларды дамытуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, субстраттағы тұз деңгейін үнемі бақылап, қажет болған жағдайда алдын ала шаю арқылы өсімдіктің стресстік жағдайын азайту ұсынылады, бұл өсімдіктің өсуін тұрақтандыруға және өнімділікті арттыруға ықпал етеді.

Химиялық, агрономиялық және экологиялық зерттеулердің нәтижелері көрсеткеніндей, КС, алдын ала шаю арқылы, жылыжайда өсімдік өсіруге ең тиімді, тұрақты және экологиялық қауіпсіз субстрат болып табылады. Бұл зерттеу отандық жылыжай шаруашылығында практикалық маңызға ие. Зерттеу нәтижелері агрономдарға субстрат таңдауда ғылыми негіз береді, өнімділікті арттыруға, қоректік ерітінді шығынын азайтуға және экологиялық таза жылыжай технологияларын дамытуға мүмкіндік жасайды. Минералды жүннің экологиялық кемшіліктері анықталғандықтан, экологиялық таза КС субстратын қолдануға басымдық беру ұсынылады.

References

“6 Top Tips For Growing Plants in Rockwool.” (2022) FutureGarden Technical Resource. <https://www.futuregarden.co.uk/expert-advice/six-top-tip-for-growing-plants-in-rockwool/> (in English).

A state-of-the-art review on coir fiber-reinforced biocomposites. (2021) PMC Scientific Review. https://www.researchgate.net/publication/350018366_A_state-of-the-art_review_on_coir_fiber-reinforced_biocomposites. — P. 7–10 (in English).

Akhmetov N.S. (2021) *Obshchaya i neorganicheskaya khimiya* [General and inorganic chemistry]. Krasnodar: Vysshaya Shkola. — 744 p. (in Russian).

“Damage of mineral wool.” Epic Gardening. <https://www.epicgardening.com/rockwool-harmful/> (in English).

Duzelbayeva S., Konuspayev S., Murzin D., Akhatova Z., Kassenova B. (2022) Development of the electrocoagulation and electro dialysis technologies for the quantitative recovery of lanolin. Separation and Purification Technology, 57. DOI: 10.1080/01496395.2022.2097924 (in English).

Egorov V.V. (2021) *Obshchaya khimiya* [General chemistry]. St. Petersburg: Lan. — 192 p. (in Russian).

Goncharov E.G., et al. (2017) *Kratkiy kurs teoreticheskoy neorganicheskoy khimii* [A short course in

Goncharov E.G., et al. (2017) *Kratkiy kurs teoreticheskoy neorganicheskoy khimii* [A short course in theoretical inorganic chemistry]. St. Petersburg. — 464 p. (in Russian).

GOST 26423–85. (1985) *Pochvy. Metod opredeleniya udel'noy elektricheskoy provodimosti, pH i plotnogo ostatka vodnoy vytyazhki* [Soil. Method for determining the hydrogen index (pH)]. Moscow: State Standard of the USSR (in Russian).

GOST 26483–85 (1985) *Pochvy. Prigotovlenie solevoy vytyazhki i opredelenie ee pH po metodu TsINAO* [Soil solution. Method for determining the concentration of salts]. Moscow: State Standard of the USSR (in Russian).

GOST 28268–89 (1989) *Pochvy. Metody opredeleniya vlazhnosti, maksimal'noy gigroskopicheskoy vlazhnosti i vlazhnosti ustoychivogo zavyadaniya rasteniy* [Soil. Method for determining moisture content]. Moscow: State Standard of the USSR (in Russian).

Heller C.R., et al. (2022) *Preplant Fertilization Increases Substrate Microbial Activity in Coconut Coir-based Media*. *HortScience Journal*. — P: 17–18. <https://www.researchgate.net/publication/357496532> (in English).

Londra P., Paraskevopoulou A., Psychogiou M. (2018) *Hydrological Behavior of Peat- and Coir-Based Substrates and Their Effect on Begonia Growth*. *Water*, 10(6):722. DOI: 10.3390/w10060722 (in English).

Mariotti B., et al. (2023) *Cultivation Using Coir Substrate and P or K Enriched Media: Effects on Seedlings under Water Stress*. *Plants (MDPI)*, 12(3):525–533 (in English).

“Rock wool (mineral wool).” (2023) *Wikipedia: The Free Encyclopedia*. <https://en.wikipedia.org/wiki/Hydroponics>— P. 2–6 (in English).

Saginayev A., Dosmurzina E., Apendina A., Dossanova B., Imangaliyeva B. (2023) *Development of individual approaches to the use of the gasoline fraction as a raw material for the process of hydrocatalytic isomerization*. *Materials Science for Energy Technologies*. DOI: 10.1016/j.mset.2022.12.008 (in English).

The effect of varying coconut coir substrates and loam soil on the physiology and biochemical constituents of tomato grown under greenhouse environment. (2025) *Discover Sustainability*, 6:143. <https://ui.adsabs.harvard.edu/abs/2025DiSus...6..143M/abstract> (in English).

Thomas P., et al. (2023) *The Hydroponic Rockwool Root Microbiome*. *PMC Research Database*. <https://pmc.ncbi.nlm.nih.gov/articles/PMC10141029/>, — P. 7–13 (in English).

Publication Ethics and Publication Malpractice in the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP

For information on Ethics in publishing and Ethical guidelines for journal publication see <http://www.elsevier.com/publishingethics> and <http://www.elsevier.com/journal-authors/ethics>.

Submission of an article to the journals of the Central Asian Academic Research Center LLP implies that the described work has not been published previously (except in the form of an abstract or as part of a published lecture or academic thesis or as an electronic preprint, see <http://www.elsevier.com/postingpolicy>), that it is not under consideration for publication elsewhere, that its publication is approved by all authors and tacitly or explicitly by the responsible authorities where the work was carried out, and that, if accepted, it will not be published elsewhere in the same form, in English or in any other language, including electronically without the written consent of the copyright-holder. In particular, translations into English of papers already published in another language are not accepted.

No other forms of scientific misconduct are allowed, such as plagiarism, falsification, fraudulent data, incorrect interpretation of other works, incorrect citations, etc. The Central Asian Academic Research Center LLP follows the Code of Conduct of the Committee on Publication Ethics (COPE), and follows the COPE Flowcharts for Resolving Cases of Suspected Misconduct (http://publicationethics.org/files/u2/New_Code.pdf). To verify originality, your article may be checked by the Cross Check originality detection service <http://www.elsevier.com/editors/plagdetect>.

The authors are obliged to participate in peer review process and be ready to provide corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. All authors of a paper should have significantly contributed to the research.

The reviewers should provide objective judgments and should point out relevant published works which are not yet cited. Reviewed articles should be treated confidentially. The reviewers will be chosen in such a way that there is no conflict of interests with respect to the research, the authors and/or the research funders.

The editors have complete responsibility and authority to reject or accept a paper, and they will only accept a paper when reasonably certain. They will preserve anonymity of reviewers and promote publication of corrections, clarifications, retractions and apologies when needed. The acceptance of a paper automatically implies the copyright transfer to the Central Asian Academic Research Center LLP.

The Editorial Board of the Central Asian Academic Research Center LLP will monitor and safeguard publishing ethics.

Правила оформления статьи для публикации в журнале смотреть на сайтах:

www.nauka-nanrk.kz

<http://chemistry-technology.kz/index.php/en/arhiv>

ISSN 2518-1491 (Online), ISSN 2224-5286 (Print)

Ответственный редактор *А. Ботанқызы*

Редакторы: *Д.С. Аленов, Т. Апендиев*

Верстка на компьютере *Г.Д. Жадырановой*

Подписано в печать 31.03.2026.

Формат 60x88¹/₈.

22,0 п.л. Заказ 1.

«Central Asian Academic Research Center» LLP

Алматы, Қонаев к-сі, 142